

Б. ЖУСІПОВ

# ЭПИК ЖЫРШЫНЫҢ ЖЫР ОРЫНДАУ СӘТІ

(Бекбосын Қайрақбаев шығармашылығы негізінде)

Ілгеріде өткен жыршылардың көбінің дауыстары жазылмаған. Бұған кезінде көптеген эпостардың мәтіні жырши даусының косарының жалаң жазып алынуы себеп болды. Соның салдарынан жырды орындау процесі кезінде тыңдаушының арасынан ғана болатын, былайтын жүрттүң көзіне көріне бермейтін жырдың ішкі қасиеттерін бакылау мүмкіндігінен айрылдық. Жыршының соңында тас-паға таңбаланған жанды жәдігер қалмаған жерде қалған әңгіменің арқауы бос.

Бекбосын орындаған махамсаздар қазіргі, соңғы буын жыршылар айтып жүрген терме әуендерінен өзгеше. Бұл жетпісінші жылдары Арап аймағы жыршылық үрдісінде махамсаздардың дәстүрлі жалғастығы үзіліп, Әбілхан Маханов мектебі түлектері арқылы жаңа сипат, өзге ренкте қайта қалыптасқандығы туралы ілкі пікірімзді жаңдандыра тусетін айғақ [1]. Өкініштісі, таспадағы Бекбосын жыршы репертуары белгілі бір жүйелілікпен емес, қалай болса солай үзік-үзік жазылғандығы. Ол есکі жыршылардың жол-жоралғысымен өзінің білетін сөз корын топ алдында хабарлап, алқаға салып отырады еken. Қоңе жыршылардың да сөзге шешендеріне қоса, әнгіме айтуға өте сарандары болады. Бекбосын алғашқы топтың өкіліне жататын жүйрік болып шықты. Сөз саптауы салмакты, айтқан әнгімесі мірдің оғындей өткір, артық-ауыс, бөлек-салақ жатқан ешиңрсе жок.

Дыбыс таспасының басына: «1976 жылы Демеубаевтың тойына Бекбосын Қайрақбаевтың тойбастар сөзі» деген жыршының өз даусымен айтқан хабарлама сөзі жазылыпты [2]. Өкінішке қарай «Жақсылар құлағың салмына созге» деп бастап топқа түсерде айтқан тойбастар термесі аяқ-тала-май қалған. Шамасы жазып отырган адам техникалының тілін білмегендіктен абайсыз үзіп тастаған си-якты. Ол содан соң «Сөйле деп бердің сауал халық маган» деген сөзбен бастап, оның аяқ жағына Қара-сақал Ерімбеттің «Қырық кеп» деген толғауын косып айтады [3]. Бұл шығарма да аяқталмай қалған. Жырши сөзін сабактай түсіп «Жаппарберdi жыраудың әні» деген сазбен «Қыздар-ай, бір інкендей айран бар ма?» деген шығарманы құбылта шырқайды. Бұған жалғап орындаған шығармасының да бас-аяғы жоқ. Бұдан тек Нәрікбай деген байдың көп жылдықтары туралы толғаудың нобайын танимыз. Соған қарағанда бұл «Шора батыр» туралы

жырдың үзіндісі немесе «Қарасай-Қази» жыры болса керек. Жыршы осы жерде сөзге араласып: «*Нәрікбайдың тоқсан нарга саба артып тойға бара жатқанында алдынан Қазан мырзаның шығып айтқаны*» деген жыр эпизодын махамға қосып айта бастаған. Одан әрі жыршының: «*Нәрікбай сойлеп жастыр*» деген хабарламасы ғана жазылған. Әрі қарай таспада әңгіменің жалғасы жоқ. Жыршы ұмытқан немесе ол шығарманы айтқысы келмеген тәрізді.

Бұл ахуалға қатысты бірнеше байлам айтуға болады. Біріншіден, таңды күнге ұластырып ұзак жырлайтын кез келген айтқыш жыршы «әү» деген топқа түскенде тамағы қызып, шекесі тершігендегі ашыла коймайды. Ұзақ айттындар бірте-бірте, барабара қалыпқа түсіп, жолға төселе бермек. Оның жадындағы жыр-термелер де бірден ойына оралмай, ұмытыла беретіні сол. Мұндай жағдайда ол бір шығарманың басын, келесісінің ортасын, енді бірінің аяғынан шолып, аттап-аттап өте бермек. Сөз жоқ бұл жағдай жыршының дегбірін қашырып, көнілкүйін бұзып, берісі сөзден шатасуына, әрісі жолдан шығып, дауысын қарлықтырып алуына да әкеліп соғатын кездер болады. Мұндай психологиялық толқу сәті жыршы үшін өте маңызды. Жыр айтқан сәтінде адам онсыз да құнделікті «қәдүілгі» қалыптан өзгеше эйфориялық күйде болады. Оның үстіне қан қысымы күшейіп, орындаушы біртүрлі науқасты, бей-жай жағдайда болады. Жыршы санасындағы түрлі ассоциациялар күресі, түрлі шатысулар кезені осы кезде күшінеді. Өуелі бір сөзден шатысқан жыршы айтып отырған әнінен де жаңылысады. Таспадағы түсініксіз, үзік-үзік жайттер осындаи ахуалдан хабар берсе керек. Екіншіден, кез келген орындаушы шаршы топта еркін шырқағанымен алдына жазу техникасын қойған кезде аузына сөз түспей киналады. Тіпті, өмірінде бірінші рет жыр айтып отырғандай күйге түсетіндер де бар. Демек, жыршының дауысын таңбалайтын жазу құралдарының пайдасынан гөрі зияны шаш етектен. Бұл жыршыны ашық түрде жазуға үзілдікесілді болмайды деген ойға саяды. Бекбосын жыршының кібіртікеп, ілгері басқан қадамының кері тартып, ашыла алмай, дегбірінің қашуын осындаи жайттермен түсінідірге болатын сияқты.

Бекбосын жыршы халық алдындағы хабарлама

сөзін жалғап: «Енді Нұрмамбет ақынның Сартай мен Жанқожса батырларды жырға қосқан сөзін айтамыз» – дей келіп, ақын Нұрмамбет Қосжанұлының «Сартай батыры» дастанының кіріспесін жырлайды. Содан сон жырдағы казактың қабыргалы үш биінің Құлтөбенің басында кездесіп, кенес құратын эпизод айттылады. Жыршы уақығаны өрбіте келе, кейбір майда эпизодтарды айналып етіп, дастанның негізгі мазмұнына түседі. Бұл жырда да адам және жер-су атауларында, жекелеген сөз тіркестері мен тұтас блоктар мен жыр ұйқастарында айырмашылықтар бары байқалады [4]. Осыдан-ақ, Бекбосын жыршының әуелде ұстазынан немесе бір көрген айтқыш адамнан бір тындалап, жаттап алған мәтінін өзгеріссіз айттын жаттама орындаушы емес, отырған ортасының ынғайына караі, өмір тәжірибесі мен жас ерекшелігіне байланысты әуелде менгерген шығармасын құбылтып, әрлең, алқалы топтың ынғайына қарай алып-қыскартып отыратын қасиеті бар импровизатор жыршы екендігі байқалды. Неге екені белгісіз, Бекбосын әлгі баставтап айтқан «Сартай» жырын аяқтамай тастанады. Немесе бұл жыршының тындаушыға жасаған құлакқағыс әдісі болса керек. Адам аяғы басылып, түн пердесі түрлі келе тындаушылар арасынан әлгі жырды айт деп қолқа салушылар үшін алдын ала мұндай астыртын бағдарламаның болуы әбден занады. Кейбір жыршылардың мұндай мәселесінің үдесінен топқа түскенде өз репертуарын жырмен баяндал, репертуарын топ-қа салып: «Осыны айтсам бола ма?» деген сиякты дәстүрлі айла-тәсілмен де шығатындары болған. Бұл қатарда эпостық жырларды көп айтқан және әлгіндей үрдісті тұтынған айтқыш жыршылардан Марабай, Мергенбай, Жамбыл, Нұрпейіс, Нұрсейіт, Жалғасбай, Раҳмет, Әлібек, Наурызбек есімдерін атауға болады [5]. Бірақ бұл қатып-семіп қалған заңдылық немесе со-лай етуге тиіс дейтін балталаса бұзылмайтын қафіда емес. Жыршының әрбір топқа түсіү бір-біріне ұқсамайтын жаңа шығарманың тұсауқессер рәсімі тәрізді. Ол актер ретінде бір сомдаған бейнесін екінші рет қайталауға хақысы жоқ. Жыршы бұл мәселелерді тындаушы топтың ырқына қарай әрдайым толықтырып, жана әдіс-тәсілдермен үстеп, өзгерте шешіп отырады.

Көнігі айтқыштарға тән «жыршының аңы айқайы» Бекбосында да бар екен. Қабыргалы эпостарда «жыршы айқайы» тәрізді «батырдың айқайы» деп аталағын әйгілі мотив бар [6]. Бұл екеуінің арасында ұқсастықтың кана емес, ортақ байланыс барында күмән жоқ. Жыршы бір сәт қиқулап, өзін-өзі камшылай бастайды. Бұл әдіс тындаушысын шар-

шатпауға, ұзақ жыр айтқанда мұлгітіп, ұйқыға жол беріп алмауға немесе олардың артық сөзге араласып кетпеуіне, назарын үнемі жырлап отырған өзінен ауытқытпай ұстап отыру үшін жасалатын амал сиякты. Бекбосын әңгімесін сабактап отырып Шоражытың Омарының «Шайхыға жазған хаты» мен «Асан Жака-йым Сары жыраудың әнін» айтты. Содан сон: «Төртқара Жәнет жыраудың той бастайтын әні» деп Нұртуғанның «Ұзатылған қызға айтқан той-бастарын», оның аяғына жалғап ақынның «Ша-йырларға» деп аталағын толғауын орындағы. Шайырдың біз тілге тиек еткен алғашқы шығармасы бұрын жарық көрмеген жырларының қатарында есептеледі. Соған қарағанда Бекбосын Нұртуған Кенжеғұлұлының бұдан да басқа көптеген өлеңдерін білген сиякты. Өкініштісі, оның қанша жыр білгенін біз енді еш уақытта да дөп басып айттып бере алмаймыз. Себебі, барша жыршылар шығармашылығы сиякты Бекбосын Қайрақбаевтың да репертуары толық таспаланбақ түгілі, әуел жөнді тізімделмеген де.

Бекбосын әңгімесін сабактай отырып әйгілі «Қарасай-Қази» жырының бір саласына түсті. Бұл Нұртуған шайыр жырлаған нұсқа екендігі анықталды [7]. Жыршы негізгі әуенін шыға тартып, сонда да болса жағымды құбылтып, қыза келе махамдағы бұрынғы өрнектерді қайталаім, тындан тербел әдемі іірім жасап отырады. Оның жырлау машинына тән шеберліктің бір үлгісі екі махамның аражігінде тұрып құбылтыу. Әрине, жыршы жырлап отырған сәттегі махамдағы осы өзгерістерді өртөніне сұрасаң, не болмаса сол қалпында айттып беруін етінсөн ешқандай жыршының дөл сол қалпында қайталаі алмасы анық. Бұл бүгінгі фольклортану ғылымиңдағы жыршы бір жаттаған мәтінін немесе үйренген әуен-сазын сол қалпында қайталаپ айттып беруші деген шалағай байламға түбірімен қарсы. Бірақ ол әлгі өрнекті енді екінші қайтара айтпайды деген сөз емес. Әрине, ол үшін арада белгілі бір уақыттың өтуі керек, дөл сол күн, сол сәттегідей көніл күйдің болуы шарт. Әлгі өрнек жыршының санасында жаттып әбден пісіп, жетіліп, құбылтып, әшекейленіп, қырланып барынша кемел тарта бермек. Жыршының дауысын үнемі қадағалап жазып алғып отырудың ұтымды тұсы осындағы тың импровизацияларды уақытылы және накты таңбалап отыруға, сол арқылы махамды тың өрнектермен байытуға, жалпы жыршының жырлау процесіндегі жанды импровизация айшықтарын анықтауға, сөйтіп олардың белгілі бір заңдылықтарын ашып көрсетуге мүмкіндіктер алатынымызда. Жыршылық өнер үнемі козғалыста тұратын жанды құбылыс дейтініміз сол. Бұл арада өсу мен қоса сему туралы айтудан

да айбынбаған жөн. Біздің көптеген зерттеушілеріміз кезінде түрлі кешенді фольклорлық экспедициялар құрамында ел аралап, жыршыларды жазып алғанда олардың отының басына барып, тосыннан келіп жыр айткышып, жазып алғандықтары белгілі. Осыдан-ақ өзінің үшін қорытынды шығара беруінізге болады. Жыршы үшін өзінің отының басында отырып жыр айтудан өзге қасіret болмасы анық. Өйткені, жыр әрлеңіп, әшекейленіп айттылуы үшін міндетті түрде тыңдаушы топтың болуы шарт. Ендеше, то-пқа түскенде, онда да қыза келе, жырга тұн ортасы ауа риясыз ерік беретін акпа-төкпе жыршылардан «жазып алдық» деп жүргеніміз теніздің жанындағы тамшыға тең мардымсыз дүние екені айтпаса да түсінкіті.

Бекбосын «Қарасай-Қази» жырын бастамас бұрын шер тарқатқандай, домбырасын құбылта ойнап алып, сосынғы кезекте ғана қысса жырлайтын ұзак-сонар мақамның қайырмасының бір қайырымын тартып жұрт назарын өзіне аудара бастайды. Содан соң тыңдаушыларға қаратып: «Бұл, өздеріңе белгілі Едігенің тұқымы» – деп, сөзінің біссімілләсіне кәдуілгі сияқты қарапа-йым сөзben кіріседі. Бірақ, бұл отырған тыңдаушылардың ішінде Едігенің қай дәуірдің батыры, қандай батыр, кім ушін, қашан және кіммен соғысқанын да білмейтін адамдардың болуы ебден мүмкін гой. Ендеше жыршы өз сөзінің әуелгі әуенін неге «Өздеріңе белгілі Едігенің тұқымы» деп бастап отыр? Мұнда гәп бар!

Орындаушы өзін биік санап, тыңдаушылардың шала сауаттылығын беттеріне шыжқырып басып отыратын жыр кештері де аз болмаған. Ондай кезде тыңдаушылардың меселі түсіп, дегірі қашып, шакырылған конак, сойылған қонағасы, жайылған дастархан, үй егесінің құр-меті үшін ғана амалсыз отыратын кездер көп кездескен. Мұндай әбестік бұрын да жол алған, есіреле, соңғы заманауи жыршылар арасында жиі көруге болатын оғаш әдет. Орындаушының бағы тыңдаушысымен ғана жанбақ. Бұл жыршы мен тыңдаушының арасындағы жазылмаған зан. Олай болса сауатты, сыйпай орындаушылар тыңдаушысының жалынан сипап, самал желдей әнгі-месімен желтіп, бірде солардың ығына жығылып, бірде оларды өзінің ырқы мен еркіне көндіріп, жыр айтылған ұзак таңда иткышыспен отыратын болған. 1976 жылы, Арап топырағында «Қарасай-Қази» жыры жырланып жатқан мына тойда Бекбосын жыршы жырды осындаид ұтымды әдіспен бастағанын аңғарамыз. Содан соң: «Орақ, Мамай Мұсадан туган. Мамайды бала жоқ, Орақта Қарасай, Қази» – деп, хан әүлетінің тарихын шежірелеп тарқата келіп, Орактың антқа ұшырау

уақиғасын баяндайды. Тыңдаушысын баурай түсіп, Қарасайдың анасынан ақыл сұрайтын, жауға мінєтін жүйрік ат кімде бар деп сауал салатын жерін баяндап, жырлап кетеді.

Бекбосын айттып отырған шығарманың ішінде кез келген адамды арқаландырып, жалын құдірейтетін: «Кешегі анау күндерде, Біз Маскеуде билік құрғанбыз» деген көшпелінің тақымын толтыратын толағай сездер бар. Кенес өкіметінің білекті билігі әнгір таяқ ойнатып тұрған заманда ескі жырларды жырлаушы көп жыршының өнері цензура сүзгісінен өтпей қалғаны белгілі. Әрине, әлгіндей астам дөңайбат, батырлық доктан кейін ондай сөз иелерінің Кенес өкіметінен құрмет көре алмасы айтпаса да белгілі еді. Ноғайлы циклына жататын, Қырымның қырық батыры хақындағы ұстазы Нұртуған ақын жазған жырларды жаттап, ел арасына насиҳаттағаны үшін ғана ақынның шәкірті, әрі жиен жамағаты Жәмет Сайымұлының бақандай жиырма бес жылға сотталып кете барғаны белгілі. Нұртуғанға жол көрсетіп, кенес бергеніне бола сексенге келіп отырған ұстазы Рахметұлы Сұлтан қарттың, жыр айттып, ескілікті насиҳаттады деген жаламен Кәрібоз Әбсібетұлы мен Нұрмажамбет Қосжановтардың отыз жетінші жылдың құрбаны болғаны Арап жұртының күнін көшегідей есінде.

Жәмет жырау мен Бекбосын Қайрақбаевтың заманы екі басқа еді. Бірі қазақтың аттан түспеген, ақберен қылышы қолында ойнап, ер көніл, арыстан жүргегімен айға шапқан он тоғызынышы ғасырдың аяғы мен жиырмасынышы ғасырдың алғашқы жартысындағы далалық дархан мәденистіне қызметтеді. Екіншісі болса жиырмасынышы ғасырдың қылышынан қан тамған Кенес саясатының қызыл туының астында бұғып «шықпа жаным, шықпа» деп өлмestің күнін кешті. Жәмет жыраудың заманы халықтың әлі де болса ескі мұраға ынтық, сол жырлардағы әрбір кейіпкер бейнесін бес саусағындаид болмаса да білестін, Алтын Орданың туы көккө шаншылып, айы онынан туған бостан заманды ұмыта қоймаған жұрттың ерекше аңсарлы кезі болатын. Ал, Бекбосындар жырлап жүрген кезде жырдың идеялық тұғырының ебден әлсіреген, кісілік келбет қалыптастырығыш қасиетінің адам танымастай төмөндейген, тек жекелеген құмар тыңдаушылардың ғана байтақ әлемнің көркемдік кесте деп аталағын шағын аумағына шұқшағы назар аударып, содан ғана рухани-эстетикалық таяныш табумен шектеле бастаған кезі болатын. Бір сөзben айтқанда, Бекбосын және ол сияқты заманы өткен жыршылар қоғамға Жәмет жыраулар сияқты аса қауіп төндіре қойған жок. Өйткені, бұл кез қазақ жұртының айтқанға

көніп, айдауға жүріп тұрған жуас қоңырға айналған шағы. Міне, қасіретті де болса, жиырмасыншы ғасырдың жетпісінші жылдарындағы қазақ жыршыларының тұрмысының сиқы мен өнерлерінің бәсі осылай болатын.

Алматы, 1994.

#### ӘДЕБІЕТ

1. *Маханов Э.* Арапым, айдын шалқарым. Алматы, 2006.
2. *Қайрақбаев Б.* дауысы жазылған үнтаспа. С.Жұбайтова  
төвтың жеке мұрагаты.
3. *Қарасақал Ерімбет.* Ұлағат сөзім ұрпаққа. Алматы,  
1995.
4. *Қосжанов Н.* Сартай батыр. Алматы, 1996.
5. *Нұрмагамбетова О.* Қазақ эпосын айтушы жыршы-  
жыраулар. Фольклор шындығы. Алматы, 1990.
6. *Линец Р.С.* Образы батыра и его коня. М., 1984.
7. *Нұртуған Кенжесегұлұлы.* Кәнекей, тілім, сөйлеші.